

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2023 жылға арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 125 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 117-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2023 жылға арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды атқарсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Әйтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің

"__" _____ 2023 жылғы

"__" қаулысына қосымша

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2023 жылға арналған шекті мәндері

№	Тауарлар атауы	Өлшем бірлігі	Бірінші тоқсан (теңге)	Екінші тоқсан (теңге)	Үшінші тоқсан (теңге)
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	килограмм	458	475	477
2	Бірінші сортты бидай ұны	килограмм	210	217	219

3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	килограмм	709	747	768
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	килограмм	173	177	179
5	Рожки (өлшеніп салынатын)	килограмм	401	409	443
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	килограмм	2510	2521	2668
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	килограмм	1271	1350	1424
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада	литр	308	308	329
9	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада	литр	355	364	372
10	Сүзбе: майлылығы 5-9 %	килограмм	2182	2246	2282
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	дана	43,5	41	41,9
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	килограмм	3465	3620	3714
13	Күнбағыс майы	литр	888	962	1025
14	Ақ қауданды қырыққабат	килограмм	105	58	73
15	Басты пияз	килограмм	148	168	128
16	Асханалық сәбіз	килограмм	175	260	184
17	Картоп	килограмм	168	190	151
18	Ақ қант - құмшекер	килограмм	556	628	625

19	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа)	килограмм	49	49	49
----	--------------------------------	-----------	----	----	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК